

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің



«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

Шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорыны

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы 71
Тел: +7 (727) 377-33-33 Факс: +7 (727) 377-33-44

22.04.2019 № 1-9-1047

Республиканское государственное
предприятие на праве
хозяйственного ведения

«КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ»

Министерства образования и науки
Республики Казахстан

050040 г. Алматы, ул. аль-Фараби 71
Тел: +7 (727) 377-33-33 Факс: +7 (727) 377-33-44
e-mail: info@kaznu.kz

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

Сіздің 15.04.2019 ж. № 2-012200-19-24037 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң жобасына, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің сарапшылары әзірлеген ғылыми құқықтық сараптаманы жолдаймыз.

(Қорытынды 10 бет)

Ғылыми-инновациялық
жұмыс жөніндегі проректор, академик

Т.С. Рамазанов

Орын: Салимгереев А.А.
Тел: 8(727)377-33-48

002013

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің



«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

Шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорны

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
Тел: +7 (727) 377-33-30, Факс: +7 (727) 377-33-44

23 04 2019 № 1-9-1047

Республиканское государственное
предприятие на праве
хозяйственного ведения

«КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ»

Министерства образования и науки
Республики Казахстан

050040 г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71.
Тел: +7 (727) 377-33-30, Факс: +7 (727) 377-33-44
e-mail: info@kaznu.kz

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру
мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Қазақстан Республикасы Заң жобасына

ғылыми құқықтық сараптама

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1. Сараптама объектісі туралы жалпы мәліметтер

Ғылыми құқықтық сараптаманы жүргізген ұйым немесе тұлға	ШЖҚ РМК «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті». Сарапшылар: Мамонов В.В. з.ғ.д. Татаринов Д.В. з.ғ.к. Жанибеков А.К., PhD докторы
Үйлестіруші	Салимгерей А.А.
Ғылыми құқықтық сараптама бойынша ғылым саласы	1. Конституциялық құқық 2. Қылмыстық құқық 3. Қылмыстық процестік құқық 4. Қылмыстық - атқарушылық құқығы. 5. Еңбек құқығы 6. Аграрлық құқық 7. Әкімшілік құқық
Мемлекеттік орган-әзірлеуші	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы.
Ғылыми құқықтық сараптаманың пәні мен мақсаттары:	Ғылыми сараптаманың пәні «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы Ғылыми құқықтық сараптаманың мақсаты: заң жобасының сапасын, ұсынылған

002044

	түзетулердің негізділігі және уақытылығын, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адам және азамат құқықтарының жобада сақталуын бағалау, нормативтік құқықтық актінің ықтимал тиімділігін айқындау, сондай-ақ жобаның нормативтік құқықтық акт ретінде қабылдануының ықтимал теріс салдарын анықтау.
Заң жобасының атауы	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасы
Заң жобасының қажеттілігі	Заң жобасының қажеттілігі қылмыстық-құқықтық саясатын одан әрі жетілдіру мақсатында қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ ҚК, ҚПК, ҚАК, ӘҚтК және 8 заң ішіндегі ішкі қарама-қайшылықтарды мен оқшылықтарын жою
Заң жобасының құрылымы	1) мемлекеттік тілде және орыс тілдердегі ілеспе хат; 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде ҚР 4 кодекс пен 8 заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Заң жобасы (61 бетте); 3) мемлекеттік және орыс тілдерінде Үкімет қаулысының жобасы 4) мемлекеттік және орыс тілдерінде түсіндірме жазба; 5) мемлекеттік және орыс тілдерінде салыстырмалы кесте 6) мемлекеттік және орыс тілдерінде заң жобасына тұжырымдама.
Келіп түскен мерзімі	2019 жылдың 15 сәуір
Орындалған мерзімі	2019 жылдың 25 сәуір

II. Құқықтық актінің жобасы шешілуіне бағытталған мәселелік сұрақтарды сипаттау, соның ішінде: нормативтік құқықтық актісінің жобасының сапасы, қабылдаудың негізділігі, уақытылығын, құқыққа сай келуін бағалау

Ғылыми құқықтық сараптамаға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы ұсынылған (одан әрі – Заң жобасы).

Заң жобаның құрылымы. Заң жобасы екі баптан тұрады, 61 бетте ұсынылған. 1-бапта Қазақстан Республикасының 4 Кодекс пен 8 заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, 2-бапта ұсынылған заң жобаның күшке ену мерзімдері көрсетілген.

Заң жобасымен Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы», «Жедел-ізвестіру қызметі туралы», «Адамдарды қоғамнан уақытша окшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы», «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «Медиация туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Пробация туралы» заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді (Түсіндірме жазба).

Заң жобасын қабылдау сапасын, негізділігін, уақытылығын және заңдылығын бағалау

Түсіндірме қағазда көрсетілгендей, Заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 9 ақпандағы № 633 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпы ұлттық іс-шаралар жоспарының 93 және 94-тармақтарын іске асыру шеңберінде әзірленген, Заң жобасында қылмыстық процесте азаматтардың қорғалу деңгейін арттыруға, соның ішінде азаматтарды негізсіз қылмыстық қудалаудан және соттаудан қорғауға; құқық қорғау қызметінің ашықтығын күшейтуге, дәлелдеу стандарттарын енгізуге; қылмыстық процестің артық репрессивтілігін төмендетуге және оны ізгілендіруге; қылмыстық қудалау саласында құқық қорғау стандарттарын енгізуге және нығайтуға; медиацияны қолдану аясын кеңейтуге; қылмыстық жазаларды орындау жүйесін ізгілендіруге бағытталған заңнаманы мен құқық қолдану тәжірибені одан әрі жетілдірудің жекелеген бағыттары жүзеге асырылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының

2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының 14 және 40-тармақтарында көзделген кейбір бағыттардың орындалуы қамтылған.

Осы бағыттар қылмыстық сот өндірісін жүргізудің жеңілдетілген нысандарын (бұйрықтық іс жүргізуде) тәжірибеде кең қолдануға кедергі келтіретін кедергілерді жоюмен; шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаны неғұрлым жеңіл жазаға ауыстыру институттарын одан әрі дамытумен; сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар мен олардың субъектілерінің тізімін айқындаумен; нормалардың заңды дәлдігін және оларды қолдану салдарларын болжауды қамтамасыз ету мәніне заңнаманы жетілдірумен, құқыққа сай және құқыққа қайшы мінез-құлықтан ажыратуда айқындыққа қол жеткізумен және заңды өз бетінше түсіндіру мүмкіндігін болдырмаумен; дамыған елдердің негізін қалаушы қағидаларына сәйкес келетін сотқа дейінгі процесс моделін кезең-кезеңмен енгізумен; заңсыз айыптау немесе соттау жағдайында азаматты жедел және толық оңалтуды қамтамасыз етумен; заңдылықтың мүлтіксіз сақталуымен, жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру жүйесін күшейтумен және осындай қызмет пен әрекеттердің құралдары мен әдістерін заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілікті күшейтіп, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізумен байланысты.

Тұжырымдамасына сәйкес Заң жобасының мақсаты қылмыстық-құқықтық саясатты одан әрі жетілдіру, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделердің, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің, қылмыстық құқық бұзушылықтардан қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің қорғалу деңгейін арттыру болып табылады.

Құқық қорғау органдардың қызметіне Жаңа Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнама жағдайындағы талдау қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру үшін, соның ішінде қылмыстық теріс қылықтарды Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекске ауыстыру, қолданыстағы институттарды жетілдіру, қылмыстық процесті оңайлату және жеделдету, сонымен қатар құқық бұзушылықтарға нөлдік төзу саясатын күшейту үшін қосымша резервтердің бар екенін растайды.

Сонымен қатар жаңа кодекстерді қолдану тәжірибесінің мониторинг нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының 4 кодекс және 8 заңда реттеудегі олқылықтар жоюға, коллизиялар мен редакцияларын жақсартуға бағытталған өзгертулер мен толықтырулар түрдегі түзетулер әзірленді.

Заң жобасын қабылдау мүмкіндік береді:

- қылмыстық қудалау аясында құқық қорғау стандарттарын енгізуге және нығайтуға;
- қылмыстық заңнаманы ізгілендіру;

- бас бостандығынан айыруға балама шараларды, олардың орындалу тиімділігін арттырып, қолдану аясын кеңейту;

- сотқа дейінгі сатысында қылмыстық процесте және сот талқылауы сатысында медиацияны қолданылу аясын кеңейту.

Әзірлеушімен заң жобасында көрсетілген факторлар мен оған ілеспе материалдардың жиынтығы ұсынылып отырған заң жобасын қабылдау негізделген, уақытылы және заңды болып табылатынын дәлелдейді.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу негіздемесі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасына Тұжырымдамада және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына түзетулердің Салыстырмалы кестесінде тұжырымдалған.

Заң жобасы жоғары сапалы деңгейде әзірленген, ішкі логикасы және негізделуімен ерекшеленеді. Онда көрсетілген нормалары құқықтық және әлеуметтік мемлекетті құруда қазақстандық қоғамның өзекті қажеттіліктерін көрсететін әлеуметтік маңызы бар мақсаттарды көздейді.

III. Құқықтық актіні қабылдау бағытталған мәселелік сұрақтарды шешудің барлық белгілі және тиімді тәсілдерін, тетіктерін, оның ішінде түрлі тарихи кезеңдерде, шет елдік тәжірибеде қабылданғандарды сипаттау, сонымен қатар құқықтық қатынастардың аралас салаларын және заң жобасын қабылдаудан келетін салдарлар түрінде оларға әсерін сипаттау

Проблемалық мәселелерді шешу мақсатында пайдаланылатын әдістері туралы мәселе ғылым жалпы сипаттамасында елеулі маңызына ие. Әдістері алуан-түрлі: тарихи, салыстырмалы-құқықтық, жүйелік, статистикалық, нақты социологиялық, логикалық және т.б.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына талдау арқылы оны әзірлеу барысында аталған әдістері пайдаланғаны туралы қорытынды жасауға болады. Осы заң жобасында жалпы құқықтық қағидалар, сондай-ақ тиісті құқық салаларының қағидалары бойынша карама-қайшылықтар анықталған жоқ.

Халықаралық тәжірибе мен оны қолдану мүмкіндігін бағалау құқығы қатынастарында белгілеген заң жобасында анықтау

Заңнаманы жетілдіру үздіксіз және міндетті процесі болып табылады, оны барлық мемлекеттер бастан кешіруде.

Заң жобасын әзірлеу кезінде әзірлеуші сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Ыстамбұл іс-қимыл жоспардың ұсынымдары есепке алынды.

1963 ж. консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясындағы міндеттемелерді орындау үшін, қамауда ұстау немесе үйде қамап ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалған шетел азаматтарының құқықтарын қорғауды күшейту үшін, осындай тұлғаларды хабарландыру және оларға дипломатиялық өкілдіктерден, консулдықтардан өкілдерінің келу мәселелерді регламенттеу қажет.

Бірқатар елдердің, атап айтқанда: Ресей Федерациясы, Латвия Республикасы, Беларусь Республикасы, Грузия, және Украинаның тәжірибесі мен заң жобасымен анықталған құқықтық қатынастарында қолдану мүмкіндігін бағалау зерттелді.

Бұл заң жобасын әзірлеуші тиісті халықаралық тәжірибесіне талдау жүргізген деп есептеуге негіз береді.

IV. Құқықтық актінің жобасымен ұсынылған қойылған мәселелік сұрақтарды шешу тәсілдерін, тетіктерін, мәселелік жағдайларды шешудің қандай да бір тәсілін қабылдаудың ықтимал салдарын талдау

4.1. Заң жобасының Қазақстан Республикасының Конституциясына, жоғары деңгейдегі құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкестігін тексеру

Заң жобасы Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен, халықаралық шарттарды жасасу барысында алған міндеттемелеріне қайшы келмейді.

Ұсынылған заң өзгертулері Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялаған Қазақстан Республикасының Конституциясына толығымен сәйкес келеді.

Заң жобасы «Қазақстан 2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси курсы» Стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамудың Стратегиялық жоспарымен көзделген мақсатқа сай.

4.2. Заң жобасын қабылдаудың құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау

Заң жобасының Тұжырымдамасына сәйкес қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдірудің әлеуметтік негіздемесі Қазақстанның қазіргі заманғы құқықтық мемлекет стандарттарына елеулі жылжуымен, азаматтық қоғам институттарының дамуымен, саяси және экономикалық талаптардың, оның ішінде ғаламдық ауқымда, өзгертумен талап етілген. Заң жобасын қабылдау азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қылмыстық құқық бұзушылықтардан тиімді қорғалуын қамтамасыз етеді, құқық

бұзушылықтың профилактикасын күшейтеді, қылмыстық процесті жеңілдетеді және тиімділігін арттырады. Заң жобасымен енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар азаматтардың құқықтарын күшейтуге, тергеу процесін жеңілдету және жеделдетуге, тергеу органдарына, сараптама мекемелеріне жүктемені төмендетуге мүмкіндік береді, себебі тергеудің жеделдетілген нысаны қылмыстың ізін бекітетін тергеу іс-әрекеттерін ғана жүргізілуін көздейді. Заң жобасын қабылдау мемлекеттік бюджеттен шығындарын талап етпейді. Заң жобасы іске асырған жағдайда теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдар күтілмейді.

4.3. Заң жобасын қабылдаумен байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау үшін жағдайлардың болуын анықтау. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасының 1-баптың 1-тармағының 10 тармақшасында әзірлеушімен ұсынылады, « 63-баптың төртінші бөлігінде «мүлікті тәркілеуден басқа,» деген сөздер алып тасталсын;». Яғни ҚР ҚК-нің 63-бабының 4 бөлім мынадай редакцияда жазылсын: «Шартты түрде соттау кезінде шектеулердің және жазаның қосымша түрлері тағайындалуы мүмкін». Бұл ретте әзірлеуші 2014 жылы ҚР ҚК қабылдаған кезде көрсетілмеген болжанатын шектеулердің және жазаның тізбесін, көлемін нақтыламайды, бұл заң шығарушының ақтандығын және заң техникасы ережелерін нақты сақтамауын, тілдің нақты мазмұны көрсетілмеуі, екі мәнді немесе қалыптаспаған терминдер, түсініктер, формулировкалар мен бағалау сипаттағы санаттарын пайдаланылуын көрсетеді, себебі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау мүмкіндігін куәландыратын нақты емес формулировкасы беріледі. Осыған байланысты ақтандықты жоюды және болжамды шектеулердің және жазаның тізбесін айқындауды ұсынамыз.

4.4. Заң жобасы нормаларының ғылыми пысықталуының сипаттамасы, заңнамалық базаны жақсарту бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу

Заң жобасы сыбайлас жемқорлық бар факторлары бар ережелерді қоспағанда, ғылыми тұрғыдан жалпы алғанда тиісті деңгейде әзірленген, атап айтқанда, болжанатын шектеулер мен жазалар тізбесі, көлемі айқындалмаған.

Заң жобасының көптеген баптарының тұжырымдары ғылыми негізделген, аталған сараптамалық қорытындысының IV бөлімінің 4.3. тармағында көрсетілген ескертуден басқа, қолданыстағы заңнамалық актінің нақты нормасын орындау үшін қабылданған құжаттарды ресімдеудің заң техникасы ережелеріне сәйкес келеді.

4.5. Заң жобасының қабылдануына байланысты гендерлік теңдік құқығына қысым жасау үшін себептер мен жағдайлардың болуын айқындау

Заң жобасында гендерлік теңдік құқығына қысым жасау үшін себептер көрсетілмеген. Заң жобасында таза еркектік немесе спецификалық әйелдік іскерлік немесе өзге белсенділікті көтермелеуге қатысты жағдайлар жоқ.

4.6. Заң жобасы қабылданған жағдайда нақтылануға жататын құқықтық актілердің тізімін анықтау

Заң жобасын қабылдау келесі Қазақстан Республикасының заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі:

1) 3 шілде 2014 ж. N 226-V Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;

2) 4 шілде 2014 ж. N 231-V Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі;

3) 5 шілде 2014 ж. N 234-V Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі;

4) 2014 жылғы 5 шілдедегі N 235-V «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» ҚР Кодексі;

5) 1991 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңы

6) 1994 жылғы 15 қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

7) жылғы 30 наурыздағы N 353-I 1999 «Адамдарды қоғамнан уақытша окшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

8) 2011 жылғы 6 қаңтардағы «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

9) 2010 жылғы 29 сәуірдегі «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

10) 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

11) 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

12) 2016 жылғы 30 желтоқсандағы «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

4.7. Тиісті құқық саласының қағидаларына ықтимал қайшылықтарды анықтау

Жалпы құқықтық қағидалар, сондай-ақ тиісті салалар қағидаларына қарама-қайшылықтар анықталған жоқ.

Кейбір ескертпелерге қарамастан, ғылым тұрғыдан Заң жобасы тиісті дәрежеде әзірленген.

Заң жобасының баптар көпшілігінің тұжырымдамалары қолданыстағы заңнамалық актінің нақты баптарын орындау үшін қабылданған құжаттарды ресімдеудің заң техникасы ережелеріне сай келеді.

4.8. Заң жобасымен қамтамасыз етілетін анық немесе жасырын ведомстволық немесе топтық мүддені анықтау

Заң жобасына талдау көрсеткендей, онда қылмыстық-құқықтық саясатты одан әрі жетілдіру, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, азаматтар мен ұйымдардың заңмен қорғалатын мүдделерінің, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің, қылмыстық құқық бұзушылықтан қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделердің қорғалу деңгейін арттырумен байланысты мемлекеттің объективті мүдделері бар.

Ғылыми құқықтық сараптама жүргізу барысында Заң жобасымен қамтамасыз етілген анық немесе жасырын ведомстволық не топтық мүдде анықталған жоқ.

Заң жобасына талдау көрсеткендей, онда салалық мекеменің дискрециялық өкілеттігін кеңейтуде көрініс табатын тар мекемелік тәсілдері жоқ.

4.9. Заң жобасынан туындайтын өзге де сұрақтарға жауап алу

Заң жобасын әзірлеушілер сарапшылардың алдына өзге де мәселелерді қойған жоқ.

Ескертулер, ұсыныстар мен қорытынды

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» "Қазақстан Республикасы Заң жобасының мәтінін талдау осы құжаттың тиімділігін көрсетеді.

Сонымен бірге, заң жобасын тиімділігінің дәрежесі арта түседі, егер де сарапшылардың кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар мен ұсынымдар ескерілетін болса.

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасының Тұжырымдамасында мәлімделген Қылмыстық кодексіне елеулі толықтыру енгізу анықталмаған, атап айтқанда: «Қылмыстық кодексінде қылмыстар жасалған жағдайда педагогикалық лауазымдарды атқаруға және кәмелетке толмағандармен жұмыс істеумен байланысты лауазымдарды атқаруға тыйым салынуы қажет қылмыстар тізімін нақтылау қажет».(Концепция заң жобасының 12

беті). Барлығымызға мәлім болғандай, ҚР Еңбек кодексі қылмыстық құқық бұзушылық құрам жоқ.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасының 1-баптың 1-тармағының 10 тармақшасында әзірлеуші ұсынады «10) 63-баптың төртінші бөлігінде «мүлікті тәркілеуден басқа,» деген сөздер алып тасталсын»;

Яғни ҚР ҚК-нің 63-бабының 4 бөлім мынадай редакцияда жазылсын: «Шартты түрде соттау кезінде шектеулердің және жазаның қосымша түрлері тағайындалуы мүмкін». Бұл ретте әзірлеуші 2014 жылы ҚР ҚК қабылдаған кезде көрсетілмеген болжанатын шектеулердің және жазаның тізбесін, көлемін нақтыламайды, бұл заң шығарушының колданыстағы заңда (ҚР ҚК) елеулі ақтандықты және заң техникасы ережелерін нақты сақтамауын, тілдің нақты мазмұны көрсетілмеуі, екі мәнді немесе қалыптаспаған терминдер, түсініктер, формулировкалар мен бағалау сипаттағы санаттарын пайдаланылуын көрсетеді, себебі әзірлеушімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау мүмкіндігін куәландыратын нақты емес формулировкасы беріледі. Осыған байланысты ақтандықты жоюды және болжамды шектеулердің және жазаның тізбесін айқындауды ұсынамыз.

Қорытынды:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заң жобасы сарапшылардың ұсыныстарын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілуі мүмкін.

Сарапшылар:

Мамонов В.В., з.ғ.д., профессор

Татаринов Д.В., з.ғ.к.,

Жанибеков А.К., PhD докторы

«Келісілді»

Ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор,
академик Т.С. Рамазанов